

Б. Омарұлы

филология ғылымдарының докторы, профессор
Астана/Қазақстан

Ұлт мінезі және поэзиядағы «Екеудің тартысы» ұғымы

Дәуір ахуалы, замана өзгерістері ұлттың мінез-кұлқына, өзіндік болмысына, адам санасына әсер етпей қоймайды. Көшпенді өмірге бой үйреткен қыр қазағы отырықшылық тұрмысқа бірте-бірте көндіккені мәлім. Еркіндікке тұсау салған отаршылдық дәуір елді өз дегеніне бейімдейді. Міне, осы тұста заманына лайық адамның психологиясы қалыптаса бастады. Мұны бодандықта болған кезеңнің поэзиясындағы образдар галереясынан көреміз. Көшпенділік салтын ұстанған еркін дәуір мен халық өміріне жат жаңалықтар әкелген отаршылдық кезеңнің тоғысуы елді екіұдай күйге түсірді. Ескілікке көндіккендер жаңа жағдайды жатырқады. Жаңа жүйеге тез бейімделгендер ескінің тәлімінен безініп шықты. Алдыңғылары – халықтың бейқам тобы, әліптің артын бақты. Соңғылары – ел пысықтары, отаршылдық қоғамға аянбай қызмет етті. Алауыздық осы екі әлеуметтік топтың мүддесінің әркелкілігінен туындады. Дәл осы ахуалды Дулат Бабатайұлы өз өлеңінде мүлтіксіз бейнеледі:

*Ағайын араз болған соң,
Ел екіге жарылды.*

Осы кезеңнің поэзиясында өтпелі дәуір адамы жағымсыз кейіпте мінезделеді. Бұл әдебиетте, негізінен, тозған заманның азған адамының бейнесі жасалды. Ол – сұм басшы, жемқор ұлық, паракор би, жандайшап атқамінер, эззіл ку, антұрған бай, имансыз имам және басқалар. Мұндай жырларда типтендірілген тағы бір тұлға бар. Ол – жоғарыдағы топтың тепкісіне түсіп, қорлығына көнген, іштей ашынған, бірақ қолдан келер қайраны жоқ қарапайым қазақ. Аталған дәуір ақындарының көзқарасы осы тұлғаның өзіндік үнімен, арман-мұратымен үйлеседі. Бұл дәуірдің поэзиясындағы ақындық «мен» осы қорғансыз замана адамының мүддесі тұрғысынан ой толғайды. Сөйтіп, бұл өлеңдердегі образдар жүйесін екі түрге жіктейміз:

*Азған елдің адамы,
Апшыған сұмдар қадамы,
Жүйрікпін деп шабаны
Момынға жапса жаланы,
Құлық-сұмдық табады,-*

деп Дулат ақын бейнелегендей, заманына сай адам сол екіге жарылған елдің арасынан шықты. Бұл – төңірегін түгел қармап, шамасына қарамай жанталасып, жолындағыны таптап келе жатқан ашкөз кісі. Өз заманы оның осындай «қасиеттерін» ашты. Оның дәуірі өз халқын «талауға» мүмкіндік берді. Дулат: «Енді қазақ ел болмас», - деп соларға күйінгеннен айтты. Ақын адам әлеміндегі әр түрлі ахуалға сай өзгерістерді кестелі сөз, ойлы образ арқылы суреттеді. Дулаттың ақындық ұстаханасының көрігінен шыққан осынау өшпес бейнелер ел-жұрт іс-қылығынан үлгі алатын тұлғалар емес. Образдар жүйесі ол міндетті арқалап тұрған жоқ. Бұл арқылы халықтың қасіретнамасы, заманның шерлі шежіресі айтылады. Дулат сомдаған бейнелер – отаршылдық кезеңнің қайғысын қоюлата түскен, жау жағадан алғанда, бөрі боп етектен шалғандар. Ел бағдарынан жаңылған елең-алаң кезде әрі-сәрі күйге түскен шарасыз кісіні тұлғалайтын образдар да кездеседі. Қазақ жерін талауға түсірген отарлаушының озбыр кейпі де ұмыт қалған жоқ. Ақын жырларында соның бәрі «азған заман» тұжырымын нықтай түсті. Жалпы, бұл кезеңнің поэзиясындағы образдар арқылы отаршылдық дәуірде ғұмыр кешкен адамның сан түрлі портреті жасалды. Замана адамын кейіптеу екі желіге бағындырылады: біріншісі – отарлаушылардың қорлығы; екіншісі: ағайынның алауыздығы. Мәселен, Мұрат Мөңкеұлының өлеңінен ел бірлігінің берекесі қашқанын,

бітімгерлік бәтуәнің бұзылғанын көреміз. Бұрын ел мен ел жауласса, енді екі кісі дауласады. Екіге жарылуды ақын екі адамның жанжалы түрінде бейнелейді:

*Адамның азған белгісі:
Екі кісі дауласса,
Тату бол деп айтпайды.
Екі айырып арасын,
Арасынан пара алған.*

Шортанбай Қанайұлы адамның азғандығын елге билігін жүргізетін ақсақалдардың өзара ұстасуынан, өнегесіздіктің тамыр жаюынан көреді. Дау-ламайды әділ шешіп, жұртты жөнге салатын ақылман қария мәртебесінің төмендегеніне, ақсақалдықтың құны түскеніне көңіл аударады. Жалпы, ақынның өлеңдерінде замана адамының азғанын «балық басынан шіриді» тұжырымына бағындыру үрдісі әр тұста байқалып қалады. Бұл, әсіресе, оның ел басшысының не би-болыстың бейнесін кескіндеуінен көрінеді. Ал ақсақалдықтың қадірі кете бастағанын екі адамның тартысы арқылы былайша түйіндейді: «Екі үлкен егесіп, Қошқардай басын теңесіп, Сол жерде заман оңалмас». Демек, Шортанбай дәуірдің бұзылуын дәстүрдің де бүлінуі деп біледі. Мұның себеп-салдары, әрине, отаршылдық жүйенің саясатымен астасып жатқаны белгілі. Ел ішінде әлдеқалай дау туындаса, қара қылды қақ жарған әділ биге барып жүгініп, екі жақтың да көңілінен шығатын бітімге тоқтайтын заман өтіп, қазақ ішінде қит етсе ұлыққа арыз жазатын әдет пайда болды. Қазақтың барлық мәселесінің отарлаушылардың билігіне тәуелділігі осындай ахуалды орнықтырды. Талас-тартысқа не орыс ұлығы, не солардың ел ішіндегі өкілі төрелік етті. Бұл кең қолтық қазақы мінездің өзгеше қалыптасуына әсерін тигізбей қойған жоқ. Осы дертті тап басып, «Ел екіге жарылды» деген Дулаттың айқындамасы Шортанбай шығармашылығында нақтылықпен дами түседі:

*Екі кісі ұрысса,
Қалам алар қолына,
Зәкүннің түсер жолына.*

Бұл дәуірдің әдебиетіндегі «екеудің жауласуы» төңірегіндегі образдар топтамасының өмірге келуі – отаршылдық жүйенің терең ойластырылған тәртібіне, қазақты қазаққа жауықтырған қитұрқы зандарға қарсылықтың жемісі. Бірқатар тұста қазақ тұрмысы тіршілігіндегі екеуара араздыққа себеп болған үшінші тұлғаның сұлбасы да қылаң береді. Ол Мұрат Мөңкеұлында: «Екі айырып арасын, Арасынан пара алған», Кердері Әбубәкірде: «Екі достың арасын, Айырады оңбаған» түрінде көрінеді. Бұл – ұлыққа жағынып, өз жұртына жамандық ойлаған жағымпаздар мен жарамсақтардың бейнесі. Отаршылдық дәуірдегі жырларда екеудің қақтығысы сипатталғанда бұлар образдың өзі емес, көлеңкесі тәрізді кейіптеледі. Бірақ жамандық атаулының әр кез бой тасалау арқылы жасалынатынын меңзейтін мұндай көзге шалына бермейтін жанама бейнелер екеудің арасындағы тартыстың шоғын көсейді.

Екеудің қақтығысы мәселесі осы ағымның соңғы ақындарының бірі Албан Асан шығармашылығында айқын бедерленді. Дулат ағайын арасындағы араздықты «Ел екіге жарылды», - деп аңғартса, Асан: «Ел арасы ашылды», - деп соған туыстас тіркеспен түйіндейді. Елдің екіге бөлінуін екі адамның алауыздығын айту арқылы сипаттау жағынан ақын өлеңі Мұраттың ой пікірімен үндес:

*Екі кісі бас қосса,
Жанжалдасып керіскен,
Алған жерден артығын
Би алдына теріскен.*

Дулат өлеңінде осынау халықтық трагедия «Ел екіге жарылды», - деген ауқымды өлшемге телінсе, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір, Асан шығармаларында екі жақтың даралық бейнесі – екі адамның тәжікелесуі арқылы сипатталса, зар заманның соңғы өкілі бұл ахуалды мүлде «кішірейтілген» образдар арқылы шебер жеткізеді:

*Маңдайдағы екі көз,
Бір-біріне қас болды.*

«Мандайдағы екі көздің» өзара жауығуы – мүмкін еместі мүмкін етіп тұрған деталь. Екі адамның іс-әрекетін бір адамның бір тектес дене мүшесі арқылы көрсеткен Албан Асанның тұжырымы терең ойшылдықты аңғартады. Қисын бойынша, ерегiскен екеудің біреуінің ісі ақиқат болады. Қайсысы бейкүнә, қайсысы бейбастак екені анықталмаған күнде де әділдіктің біреуінің жағында қалатыны анық. Әйтеуір, біреуі жала жабады, екіншісі нақақтан күйеді. Яғни, мұны Асанның «көзімен» бағаласак: «Екі көздің бірі жау, Дұшпан шықты жақыннан». Немесе: «Екі көздің бірі жау, Әрбір ісің кер кетті». Ерегiсіп, бөлініп-жарылудың «екі көзге» дейін жетуі – қазақ ішіндегі аяқтан алып, төске өрлеген алауыздық дертінің басқа дейін шапқанының көрінісі. Басқа қырынан келсек, сол мандайдағы екі көздің екі түрлі болмыс-ақиқатты көруі, қарама-қайшы құбылыстарға бір адамның екіге жарыла көзқарас танытуының белгісі дер едік. Кейде бұл образ ауыспалы мағына иеленіп, түрленіп түседі: «Бір ақырға байланды, Ешкі мен жылқы тебіскен». Қалай болғанда да сөз күдіреті елдің алауыздығын айтып, ашындыра отырып, бірлікке тартуға жұмсалған. Алшақтаған екеудің ара жігі жақындаса, екі көз де бір-біріне соншалықты жауықпақ емес. Адамзат баласының іс-әрекеті негізгі дене мүшелерінің бірлескен қызметі арқылы жүзеге асатыны секілді қазақ шаңырағының, қазақ әулетінің, қазақ ұлтының ауызбірлігі екі адамның бітімге келуінен басталады. Дулаттан Албан Асанға дейінгі ақындардың халықтық қайғыны кейде екеудің жанжалдасуы арқылы көрсетіп, адамтанудың қатпарларына үңілуі – осыны түсінгендіктің айғағы.

Ұлттың болмыс-бітіміне әсер еткен отаршылдық дәуірдегі өлең-жырлар қазақы калпымыз мен сансыз салтымызды бейнелеген баға жетпес мұрамыз болып қала бермек.

Резюме

В статье анализируются творчество народных поэтов как Дулат Бабатайулы, Шортанбай Канайулы, Мурат Монкеулы. Одна из главных тематик творчества данных акынов является зарождение у читателя патриотического чувства и тема колониальной политики.

Summary

The paper analyzes the art of folk poets like Dulat Babatayuly, Shortanbay Kanayuly Murat Monkeuly. One of the main topics of creativity data poets is the birth of the reader and the theme of patriotism colonial policy.

Özet

Bu makalede Dulat Babatayuly, Shortanbay Kanayuly Murat Monkeuly gibi halk şairlerinin Rus İmparatorluğunun baskısına karşı tepki gösterip, kazak toplumunun bozulması, kazak destürlerinin unutulması hakkında acıyarak yazdığı şiirler, sanatları inceliyor.

Ү. Жетібайұлы

ф.ғ.д., профессор

Құлжа педагогикалық университеті

Құлжа/ҚХР

«Білге Қаған құлпытасы» және Білге Қаған жайлы қытай деректері

Білге Қаған – соңғы түрік қағандығының әйгілі қағандарының бірі. Ол 684 жылы дүниеге келіп, 734 жылы қайтыс болған. «Білге Қаған құлпытасы» марқұм қағанның құрметіне арнап орнатылған. Құлпытастағы ежелгі түрік жазуымен жазылған мәтін Білге қағанның